

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын одан әрі қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қазан N 1600

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Z980272_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Қазақстан темір жолы" РМК) одан заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Ақтөбе материалдық-техникалық жабдықтау филиалының Ақтөбе жұмыстық жабдықтау бөлімін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Ақтөбе сауда қызметін көрсету орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы;

2) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Алматы материалдық-техникалық жабдықтау филиалының Жамбыл жұмыстық жабдықтау бөлімін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Жамбыл сауда қызметін көрсету орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы;

3) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Алматы материалдық-техникалық жабдықтау филиалының Алматы жұмыстық жабдықтау бөлімін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Алматы сауда қызметін көрсету орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы;

4) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Ақмола материалдық-техникалық жабдықтау орталығының Қарағанды жұмыстық жабдықтау бөлімін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Қарағанды сауда қызметін көрсету орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы;

5) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Ақмола материалдық-техникалық жабдықтау орталығының Ақмола жұмыстық жабдықтау бөлімін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Ақмола сауда қызметін көрсету орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы;

6) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Қызылорда облысында орналасқан санаторий-профилакторийін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Қызылорда" санаторий-профилакторийі" ашық акционерлік қоғамын құру а р қ ы л ы ;

7) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Қарағанды облысында орналасқан санаторий-профилакторийін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Арман" санаторий-профилакторийі" ашық акционерлік қоғамын құру

а р қ ы л ы ;

8) мүліктік кешен ретінде "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Ақтөбе облысында орналасқан санаторий-профилакторийін бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Батыс аймағының жолдық сауықтыру орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан темір жолы" РМК-ның "Теміржолмүлік" еншілес мемлекеттік кәсіпорны одан заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) мүліктік кешен ретінде Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан профилакторийді бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Арыс" санаторий-профилакторийі" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы;

2) мүліктік кешен ретінде Павлодар облысында орналасқан профилакторийді бөліп шығару және осы мүліктік кешеннің базасында "Павлодар сауықтыру-оңалту орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру арқылы қайта ұйымдастырылсын.

3. Құрылатын ашық акционерлік қоғамдардың негізгі қызмет түрлері болып мыналар белгіленсін:

1) осы қаулының 1-тармағының 1)-5) тармақшаларына сәйкес - темір жол станцияларында тұрғындарды халық тұтынатын тауарлармен және азық-түлікпен қамтамасыз ету;

2) осы қаулының 1-тармағының 6)-8) тармақшаларына және 2-тармағына сәйкес - халыққа емдеу-профилактикалық қызметтерді көрсету.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісім бойынша осы қаулыға сәйкес құрылатын ашық акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - Қоғамдар) жарғыларын бекітсін;

2) Қоғамдардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) мемлекеттік тіркелгеннен кейін бір айлық мерзімде Қоғамдар

акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқығын

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне берсін;

4) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп Қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы ұсыныстар енгізсін;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК